

Ленин

ҚК(б)П Солтүстік Қазақстан облыстық Комитетінің, еңбекшілер депутаттарының облыстық Кеңесінің және ҚК(б)П Петропавл қалалық комитетінің газеті

Шығуына
26-шы жыл
№ 121
(6822)
1944 жыл
Сейсенбі
20 июнь
Жеке саны
20 тыйын

Жаңа оқу жылына үлгілі әзірленейік

Жас өспірімдерді коммунистік рухта тәрбиелеу ісіне кемеңгер Ленин мен Сталин ерекше көңіл бөліп, оған үнемі қамқорлық жасап отырды.

Ұлы Лениннің «Біздің мектебіміз жастарға білім негіздерін беруге, оларды коммунистік көз қарасқа қалыптауға үйретуге, білімді адам етіп шығаруға міндетті» деген нұсқауын іске асыру кеңес мектебі алдында тұрған ең қауапты, ең хұрметті борыш.

Кеңес мектептерінде оқушыларға тынықты, терең білім беру үшін, бұл жөнінде партия мен үкіметтің мектепке қойған талабын ойдағыдай іске асыру үшін балалар оқығанын мектеп таза, жылы, жарық және жыйнақты болуы хажет. Жаңа оқу жылына мектептерді үлгілі әзірлеу үшін қазірден бастап дайындық жұмысын дереу қолға алып, бұл іске бүкіл жұртшылықты жұмылдыруымыз керек.

Өпкен жылы болған кемшіліктерді қайталамау үшін бірқатар мектеп меңгерушілері, орта және ортаалау мектеп директорлары даярлық жұмыстарын ойдағыдай жүргізуде. Ленин ауданындағы Еңбек орта мектебі (директоры Жолдыбаев жолдас) мектепке керекті отынды қазірдің өзінде-ақ толық дерлік дайындап болды. Мектепке арнап 10 гектар жерге егіс өкті. Қазір мектеп үшін, оқу құралдарын, орындық, парталарды түзеу жұмысына мектеп коллективі белсенділікпен кірісті. Осы аудандағы Петров және Совет орта мектептері де оқу жылына дайындалу ісін ұйымдасқан түрде бастады. Приешім ауданында 5 мектеп үйі толық жөнделіп, 2 мектеп қысқы маусымға керекті отынмен жеткілікті түрде жабдықталды.

Облысымыздың мектеп басқарушылары, аудандық оқу бөлімдерінің меңгерушілері, жергілікті партия, кеңес және комсомол ұйымдарының алдында жаңа оқу жылына мектептерді дайындау жөнінде көп міндет тұр. Үкімет қаулысы бойынша жаңа оқу жылына бастап 7 жасар балалар оқуға тартылады және қалаларда ер балалар мен қыз балаларды бөлек оқыту ісі жүргізіледі. Бұл міндетті мүлтіксіз орындау үшін қосымша үйлер, кітап-құралдар және оқытушылар керек.

Дегенмен облысымыздың кейбір аудандарының оқу бөлімдері мен

мектеп басшылары бөгде себептерді бетке ұстап, мектепті жаңа оқу жылына дайындау ісіне кірісудің орнына даурығумен жүр. Мектептердің оқу жылына дайындығын қамтамасыз ету ісіне көп жерде көңіл бөлінбей отыр. Быйылғы жылы үкімет нұсқауы бойынша бұрынғы мектеп үйлері мектеп жұмысына байланысы жоқ ұйымдардан босатып алынып және оларды пайдаланған ұйымның қаржысымен жөнделуге тиіс. Петропавл қаласында 5 мектеп үйін осы күнге дейін басқа ұйымдар пайдаланып келді. Қазір оның үшеуі-ақ мектептерге қайтарылды. Бірақ бұл үйлерді пайдаланып тұрған ұйым бастықтарының мектеп үйіне немқұрайды қарауының салдарынан бұл үйлер оқу жұмысына жарағысыз болып қалған. Бұл үйлер сол ұйымдардың қаржысымен қазірден бастап жөнделуге тиіс.

Жаңа оқу жылына дайындық жұмысының негізгі бір саласы—мектептерді оқытушылармен жеткілікті түрде қамтамасыз ету. Облысымыздың мектептерінде қосымша 500ге жуық оқытушы керек. Оқытушылар санын толықтыру үшін аудандарда және облыс орталығында қысқа мерзімді курстар ұйымдастырылмақ. Бұл курстарға оқушы алу, олардың білім және тәжірибе жағынан толық бағалы оқытушы болып шығуы ісіне әсересе оқу орындарының басшылары ерекше көңіл бөлулері керек. Ол үшін курстарда оқу дерексінде басталып, сапалы өткізілетін болсын. Оқытушылар санын толықтыру жөнінде тағы бір еске алатын жұмыс—басқа қызметке ауысып кеткен, бұрынғы оқытушыларды қайтадан оқытушылық қызметіне алу. Бұл оқытушыларды оқытушылық жұмысына қайтару жөнінде аудандық партия және кеңес ұйымдарының басшылары оқу орындарына нақтылы көмек көрсетуге міндетті.

Мектеп үйлерін, парта, саймандарды, оқу құралдарын жөндеумен қатар оқушылар үшін бұрын пайдаланылған ескі оқу кітаптарын сатып алу ісін ойдағыдай ұйымдастыру хажет. Сауда орындарының басшылары бұл жөнінде өздеріне жүктелген міндеттерді аброймен орындауға тиіс.

Жаңа оқу жылына мектептерді ойдағыдай даярлау ісіне жергілікті партия, кеңес, комсомол, кәсіпшілер ұйымдары, оқу бөлімдері, аталар жұртшылығы болып тегіс жұмылуы хажет.

Қызыл Армияның генералдарына әскери атақ беру туралы КСР Одағы Халық Комиссарлары Кеңесінің қаулысы

КСР Одағы Халық Комиссарлары Кеңесі қаулы етеді:

Жданов Андрей Александрович, Гусев Дмитрий Николаевичке

КСР Одағы Халық Комиссарлары Кеңесінің Председателі

КСР Одағы Халық Комиссарлары Кеңесінің іс басқарушысы

Москва, Кремль. 1944 жылғы 18 июнь.

И. СТАЛИН.

Я. ЧАДАЕВ.

ҚК(б)П Солтүстік Қазақстан облыстық комитетінің кезекті пленумы туралы хабар

1944 жылғы 15—17 июньде ҚК(б)П Солтүстік Қазақстан облыстық комитетінің кезекті XI пленумы болып өтті.

Пленумда мынадай мәселелер қаралды:

1. БК(б)П Орталық Комитетінің 1944 жылғы 1 апрельде «Қазақстан Қ(б)П Орталық Комитетінің жұмысы туралы» қабылдаған қаулысы мен ҚК(б)П Орталық Комитеті X пленумының қаулысын орындау шаралары туралы. (Баяндамашы ҚК(б)П обкомінің секретарі Н. А. НЕЧАЕВ жолдас).

2. Ұйымдастыру мәселесі.

Жоғарыда айтылған мәселелер бойынша пленум тиісті қарарлар қабылдады.

Пленум Н. А. Нечаев жолдасты ҚК(б)П обкомінің бірінші секретарі, Я. Е. Пильгук жолдасты, ҚК(б)П обкомінің үгіт-насихат жөніндегі секретарі етіп бекітіп, обком бюросы мен пленум мүшелігіне сайлады және Ішкі Істер Халық Комиссариаты облыстық Баскармасының бастығы С. И. Исаков, КЛКЖО обкомінің секретарі О. М. Маслцова жолдастарды обком бюросы мен пленум мүшесі етіп сайлады.

Ж. Тәшенов жолдас—ҚК(б)П обкомі секретарінің мал шаруашылығы жөніндегі орынбасары, П. Н. Городецкий жолдас—ҚК(б)П обкомі ауыл шаруашылық бөлімінің меңгерушісі болып бекітілді.

ҚК(б)П обкомі пленумының жұмысына облыстық мекемелер мен ұйымдардың басшылары, МТС, совхоз директорлары қатысты.

КЕҢЕС ХАБАРШЫ БЮРОСЫНАН

17 ИЮНЬДЕГІ ҰРЫСТАР МӘЛІМЕТІНЕН

17 июньде КАРЕЛ мойнағында әскерлеріміз шабуылы ойдағыдай күшейте отырып, 120дан аса елді жерді, оның ішінде МАЙКАНМЯКИ, ЭТУКЕЛЯ, ТАРКАЛА, КАРЬЯЛАЙНЕН, ТОММИЛА, ХАЛИЛА, ВАРПЛИЛА, КАУКЯРВАН-КЮЛЯ, ПЕРКЯРВИ, РИХИСЮРЬЯ, ВУОТТА, ВАСУЛИ, ТАЛКЕВАЛА, РИКОЛА, КОСЕЛА елді жерлерін және КОУЛЕМАЯРВИ, ПЕРКЯРВИ, РАСУЛИ темір жол станцияларын ұрыспен алды.

Майданның басқа учаскелерінде өзгеріс болған жоқ.

16 июньде барлық майдандарда әуе ұрыстарында және зенит зеңбіректерімен дұшпанның 17 самолеті атып түсірілді.

18 ИЮНЬДЕГІ ҰРЫСТАР МӘЛІМЕТІНЕН

18 июньде КАРЕЛ мойнағында ЛЕНИНГРАД майданының әскерлері артиллерия мен авиацияның жәрдемдесуімен жаяу әскерлер мен танктердің қауырт шабуыл жасауы нәтижесінде МУРИЛА ИЛЯКИРИОЛА ауданында финдердің үшінші қорғану шебі—МАННЕРГЕЙМ шебін бұзып өтті, сөйтіп шабуылды күшейте отырып, ВЫБОРГ бағытында Ленинград облысының аудан орталығы БЬЕРКЭ (КОЙВИСТО) қаласы мен портын алды.

Шабуылдың барысында майдан әскерлері 10ден аса елді жерді, оның ішінде Ленинград облысының РАУТУ аудан орталығын, ПЕНТИЛЯ, КОТТЕРЛАХТИ, ЛАХТЕНМЯКИ, МАКСДАХДЕНКЮЛЯ (ВЫБОРГ қаласының оңтүстік жағында 28 километр жерде), КОЛКАЛА, ХИЕТАНЕН, ПИХКАЛА, СИПРОЛА, ПАРККИЛА, ПИХЛАЙНЕН, ТЕЛККЯЛЯ, ВАЛКЯРВИ, НОУСИЛА, ОРАВАННЕМИ, ЛИПОЛА, НУРМИЯРВИ, ВАСКЕЛА үлкен елді жерлері мен ХУМАЛЙОКИ, ЛАХТЕНМЯКИ, ВАЛКЯРВИ, РАУТУ темір жол станцияларын ұрыспен алды.

Майданның басқа учаскелерінде өзгеріс болған жоқ.

17 июньде әуе ұрыстарында және зенит зеңбіректерімен дұшпанның 24 самолеті атып түсірілді.

АВИАЦИЯМЫЗДЫҢ ДҮШПАННЫҢ АЭРОДРОМДАРЫНА СОҚҚЫ БЕРУІ

18 июньге қараған түнде алысқа ұшатын авиациямыз Барановичи, Пинскі, Минскі ауданында дұшпанның аэродромдарына еселеп соққы берді. Бомбалау нәтижесінде аэродромдарда көптеген өрттер шығып, взрывтар болды. Самолеттер, оқ-дәрі қоймалары мен жанармай құйылар ыдыстар өртенді. Көптеген неміс самолеттері жойылды, зияндалды.

Бір самолетіміз өз базасына қайтпайды.

Карел мейнағында Ленинград майданының әскерлері қауырт шабуыл жасап, Мурида Илякириола ауданында финдердің үшінші қорғану шебі—Маннергейм шебін бұзып өтті. Бьенкэ—(Койвисто) қаласы мен порты тіке шабуылмен алынды. Шабуылды күшейте отырып, әскерлеріміз Ленинград облысының Рауту аудан орталығын, сол сияқты 100ден аса басқа елді жерді алды. Әскерлеріміздің шабуыл жасауына артиллериямыз бен авиациямыз үздіксіз жәрдемдесуде. Олар жауға қуатты соққы беріп, жаяу әскерлеріміз бен танктеріміздің жолын тазартуда. Дұшпанның талқандалған бөлімдері кеңес әскерлерінің соққысы астында кері шегініп бара жатып, адам күші және техникасы жағынан орасан көп шығынға ұшырауда. Н. бөлімінің жауынгерлері екі батальон финдерді жойып, соғыс жүргізілген темір жол эшелонның қолға түсірді. Жаудан көп адам қолға түсірілді. Екінші бір учаскеде Н. құрамасы финдердің бір полк жаяу әскерлерін талқандап, 36 зеңбірек, 80 пулемет және басқа олжа қолға түсірді.

Қызыл Армияның жауынгерлері мен офицерлері Карел мойнағындағы ұрыстарда батырлық пен ерліктің үлгісін көрсетуде. Гвардия үлкен лейтенант Дрюченконың өзадігінен жүретін зеңбірек экипажы жаяу әскерлердің жолын тазарта отырып, жаудың 3 бекінісін, ауыр миномет батареясын жойды және дұшпанның екі взвод жаяу әскерін қырып салды. 5 барлаушымыз дұшпанның тылына өтіп, төрт солдат пен фин армиясының майоры—бір офицерді қолға түсірді. Кіші сержанттар Лисицки мен Мищенко дұшпанның оқ жаудыратын үш бекінісін қыйратты және оның қарсылық көрсеткен екі гарнизонның толық жойды.

Авиациямыз Выборг темір жол торабына екі рет еселеп соққы берді. Бомбалау нәтижесінде жаудың үш паровозы, 20дей вагоны мен платформасы, 6 қоймасы талқандалды және көп жерде темір жол тарабы қыйратылды. Торап маңында өрттер шығып, күшті взрывтар болды.

Кеңес ұшқыштары әуе ұрыстарында дұшпанның 19 самолетін атып түсірді.

Витебскі қаласының солтүстік-батыс жағында неміс жаяу әскерлерінің ротасы жауынгерлік күзетімізге шабуыл жасады. Лейтенант Сараевтың басқаруындағы 8 жауынгеріміз дұшпанға пулеметтер мен автоматтардан оқ жаудырды. Ұрыс алаңында өз солдаттарының 30 өлігін қалдырып, гитлершілдер асығыс түрде кері шегінді.

Авиациямыз Норвегияның солтүстік жағалауында дұшпанның кемелеріне қарсы соққы берді. Соққының нәтижесінде ұшқыштарымыз немістердің 10 мың тонналық транспорты мен дұшпанның күзет кемесін суға батырды. Жаудың бұлай басқа бірнеше кемесі қатты зияндалды. Әуе ұрыстарында немістердің 12 самолеті атып түсірілді. Авиациямыз 4 самолетінен айрылды.

Қызылтулы Балтық флотының торпедашы катерлері 17 июньге қараған түнде Финляндия жағалауында жаудың кемелер керуенін көрді. Дұшпанның күзет кемелерінің зеңбіректерден нәсерлете оқ атуына қарамастан катерлеріміз дұшпанға жақын келіп, оған шабуыл жасады. Торпедалармен жаудың 14 мың тонналық екі транспорты және күзет кемесі суға батырылды. Пулеметтердің оғымен дұшпанның 4 күзет катері зияндалды.

АСТЫҢҮШІН КҮРЕС—ЖЕҢІСІМІЗ ҮШІН КҮРЕС

ЧИСТОВ СОВХОЗЫНДА

Республика совхоздарының егін-мен жеңісімізге сай мол өнім алу жөніндегі социалистік жарысына жарышы болған Чистов астық совхозының коллективі (директоры Шагмарданов жолдас) өзінің міндеттерін мүлтіксіз орындап, жоспардан тыс гектарлар егін еткен еді.

Жоспардан тыс егіннің, соңғы гектарына тұқым себіліп болғаннан кейін совхоз директоры Шагмарданов жолдас бөлімше бастықтарының және трактор отряды бригадирлерінің кеңесін шақырды.

—Қазір,—деді ол,—егістен кейінгі жұмыстарды дереу қолға алуымыз керек. Пар жырту және егіннің арам шөбін отау жұмыстарын өзереңдей болса да кідіртпеуге тиіспіз.

Кеңеске жыйналғандар пар жыртуға неше бригада шығатынын және егіннің арам шөбін отауды қалай ұйымдастырудың нақтылы шараларын белгіледі. Совхоз бөлімшелеріндегі барлық трактор отрядтары пар жыртуға кірісті. Тракторшылар арасында социалистік жарыс жоғары сатыға көтерілді. Міне осының нәтижесінде совхозда қазір 1005 гектар пар жыртылды.

Келесі жылдың егісіне жерді неғұрлым мол дайындау үшін социалистік жарыста әсіресе IV-бөлімше (бастығы Усенко жолдас) алда келеді. Мұнда 305 гектар пар жыртылды.

ЖАЙБАРАҚАТ БАСШЫЛАР

Приешім ауданының Тимирязев атындағы колхоздың председателі Ташилин жолдас егінді аралап келді де:

—Егінді арам шөп басып кеткен екен. Мұны тазартуымыз керек. Егінді күтпейінше одан мол өнім алуға болмайды,—деді өзіне өзі.

Міне содан бері бірнеше күн өтті. Бірақ Тимирязев колхозының егін даласында арам шөп отап жүрген бірде-бір колхозшыны көре алмадық. Колхоз председателі Ташилин жолдас егіннің арам шөбін отаудың қаншалықты маңызы барлығын біле тұра бұл істі әлі күнге ұйымдастырмай отыр.

Егіннің арам шөбін отау «Жеке көл», «Бексейіт» және «Путь Ленина» ауыл шаруашылық артельдерінде де кең өріс алмаған. Бұл колхоздардың председателдері Әбдіқасымов, Мұстафин және Тагунов жолдастар арам шөп отауға колхоздағы бар мүмкіншілікті пайдаланбай, бұл жұмысты ойсыраған олқылыққа ұшыратты. Керек десеніз, бұл басшылар колхоздың егін дала-сын аралап та көрмеген.

ЖҰМЫС ҚАРҚЫНЫ КҮШЕЮДЕ

БУЛАЕВО. (Арнаулы тілшімізден). Булаев ауданындағы Возвышен астық совхозында (директоры Титов, партия ұйымының секретарі Солиженцева жолдастар) егіннің арам шөбін отау жұмысы кеңінен өріс алуда. Мұнда 16 июньге дейін 3.588 гектар егін арам шөптен тазартылды.

Совхоз жұмысшылары арам шөп отауда еңбек өнімділігін арттырған үстіне арттыра түсуде. Жұмысты адалдықпен істеу аркасында Анна Москвичева, Партова және Серебря-

ды. Бухмастов жолдас басқарған тракторшылар еңбек өнімін арттыра түсуде. Тракторшы-комсомолец Показачев жолдас ЧТЗ тракторымен 6 күнде 42 гектар орнына 77 гектар жер жыртып, еңбек өнімділігінің тамаша үлгісін көрсетті. Комсомолка Тимофеева жолдас та 7 күнде 65 гектар жер жыртып.

Пар жыртуда I және II-бөлімшелер де бірталай табыстарға ие болды. I-бөлімшенің тракторшысы Петрик жолдас өз тракторымен 5 күнде 48 гектар жер жыртып, трактор күшін сарқа пайдалануда басқаларға көрнекті үлгі көрсете білді.

Совхоздың бөлімшелерінде егіннің арам шөбін отау жұмысы да табысты жүргізіліп жатыр. Егіс жоспарын орындау—жұмыстың бір бөлігі ғана. Енді сол егінді күте білу керек—дейді бөлімше жұмысшылары.

Үй шаруасындағы әйелдер арам шөп отау жұмысына белсене қатысуда. II-бөлімшеде Байдукова жолдасын басқаруымен арам шөп отауға күн сайын 40 адам шығып, күніне 100 гектардан аса егіннің арам шөбін отайды. Бұл бөлімшеде 927 гектардың арам шөбі оталды. Ал совхозда арам шөп оталған алаң—2500 гектарға таяу.

Т. ЖЕТПІСБАЕВ.

Егіннің арам шөбін отау ауданының басқа колхоздарында да мардымсыз. «3 интернационал», «Заря коммуны» және Ленин атындағы колхоздар егіннің арам шөбін отауды күннен-күнге өрістеп, жұмыс қарқынын күшейтуде,—дейді ҚК(б)П аудандық комитетінің секретарі Кийко жолдас. Ал сондағысы бұл колхоздардың әрқайсысында ең болмағанда 150 гектар егіннің шөбі оталған жоқ. Бұл колхоздардағы мүмкіншіліктерді толық пайдалана білсе, онда оларда егіннің барлық алаңын арам шөптен бірінші рет тазарту аяқталған болар еді. Ауданда 8300 гектар егін бар. Осыдан күні бүгінге дейін 3550-ақ гектардың арам шөбі оталды. Мұның өзі Кийко жолдас айтқандай арам шөп отау қарқыны өрістегендігі емес, қайта кері кеткендік.

Аудан басшылары арам шөп отауды кешеуілдетіп отырған кейбір кереңау басшыларға аяусыз шара қолданып, арам шөп отау ісіне тікелей өздері басшылық етуге міндетті.

М. ЕГІЗБАЕВ.

никова жолдастар күн сайын жұмыс мөлшерін 120—130 проценттен орындап жүр.

Совхоз коллективі келесі жылдың егісіне жер әзірлеуісін де ұмыт қалдырмай жоқ. Олар 1.150 гектар пар жыртып, ЧТЗ тракторшысы Денисова және Высокова жолдастар келесі егіске жерді неғұрлым мол әзірлеуге қамқорлық жасай отырып, өсіне сайын бір жарым мөлшер орындаумен бірге, көптеген жанар және жағар май үнемдеуде

Г. БЕКТЕМІРОВА.

Одақтастардың соғыс күштерінің жоғарғы командованиясі штабының хабары

ЛОНДОН, 18 июнь. (ТАСС). Одақтастардың соғыс күштерінің жоғарғы командованиясі штабының бүгін таңертең жарияланған хабарында былай делінген:

«Одақтастар әскерлері Сенсвер-Лей-Виконт ауданында батысқа қарай тағы да алға басты. Тилли Сюр Сель және Кан секторларында жергілікті маңызы бар ұрыстар болды. 17 июньде кешкілікте әуе райының түзелуі одақтастар авиациясының едәуір көлемде қыймыл жасауына мүмкіндік берді. Дұшпанның әуедегі қарсылығы әлсіз болды. Күндізгі ауыр бомбардировщиктер жаудың 5 аэродромы мен Тур және Нант аудандарындағы самолеттер қонатын алаңдарға соққы берді. Жеңіл бомбардировщиктеріміз Буа-Дю-Омм (Комонның оңтүстік жағында) және Сенонш пен Ла-Луп (Шартердің батыс жағында) арасы ауданында жанармай қойылған складтарға шабуыл жасады. Одақтастар бомбардировщиктерінің екінші ір құрамы Мезидондағы темір жол станцияларын, сол сияқты Ле-Мерло мен Сен-Любен аралығындағы 65 километрге созылған темір жол бойын (Париж—Гранвиль жолында) бомбалады. Истребитель бомбардировщиктер құрамасы солтүстік Франциядағы көптеген соғыс орындарына шабуыл жасады. 18 июньге қараған түнде жеңіл бомбардиров-

щиктер жаудың көп жерлердегі қатынас жолдарына шабуыл жасады».

ЛОНДОН, 18 июнь. (ТАСС). Одақтастардың соғыс күштерінің жоғарғы командованиясі штабының 18 июньдегі кешкі хабарында былай делінген:

«Одақтастар әскерлері Барневиль—Сюр-Мер жанындағы батыс жаға лауға жетіп Котантен түбегін Нормандияның негізгі бөлімінен бөліп тастады. Майданның орталық учаскесінде Вир өзенінің шығыс жағына қарай үздіксіз алға басу нәтижесінде әскерлеріміз Сен-Лодан 6 миль шей жерде тұр.

Қазіргі уақытта жаудан қолға түсірілген адамдардың саны 15 мыңнан асты.

Майданның көп учаскесінде қалып, бұлт одақтастар авиациясының қыймыл жасауына 18 июньде түске дейін кедергі болды. Өткел аузындағы бекіністерді күзетіп тұрған истребительдеріміз 18 июньге қараған түнде дұшпанның 10 самолетін жойды.

18 июньде таңертең ауыр, ірі және жеңіл бомбардировщиктер Рейн темір жол депосына ойдағыдай шабуыл жасады. Сол сияқты Дом-фронның шығыс жағындағы Данден орманындағы соғыс орындары мен дұшпанның ту сыртындағы басқа да соғыс және тасымал орындарына шабуыл жасалды».

Америка әскерлері Котантен түбегінің батыс жағалауына жетті

ЛОНДОН, 18 июнь. (ТАСС). Рейтер агенттігінің Нормандиядағы Америка әскерлерімен бірге жүрген арнаулы тілшісі Стрингер былай деп жазды: Одақтастардың соғыс күштері дала штабының хабары бойынша, Америка әскерлері Котантен түбегін бөліп тастады. Штабтың хабарында былай делінген: Американың 9 дивизиясының бөлімдері түбектің батыс жағалауына қарай шепті бұзып өтіп, енді 10-11 километрлік алаң жасады. Бұл түбектің орта ше-

нінде 48 сағат уақыт бойына болған шабуылдан кейін іске асырылды. Жаудың шөбін бұзып өткен бөлімдер Картре және Барневиль мүйісі ауданында жағалауға жетіп, қоршауда қалған Германия әскерлерін бірінен-бірі бөліп тастады. Бұл ұрыс Шербур портын ғана емес, Котантен түбегінің солтүстік секторын да бөліп тастады. Немістердің бұл жерде Шербурды қорғау үшін дайындаған көп жабдығы мен оқдарісі бар көрінеді.

Гитлершілдер Германия жерінде болатын соғыс қыймылдарына дайындалуда

СТОКГОЛЬМ, 18 июнь. (ТАСС). Швецияның «Афтонднинген» газеті, соғыс қыймылдары Германия жерінде бола қалған жағдайда гитлершілдердің даярлық жасап жатқандығын дәлелдейтін хабар жариялады. Газет хабарына қарағанда, Германияның өкмет орындары одақтастар әскерлері Германия жеріне басып кіре қалған күнде қолданатын тиісті шараларды жүздеп арнаулы нұсқаулар шығарған. Эмден, Олденбург және Бремен қалаларының өкмет орындарына да осындай нұсқау берілген.

Француздардың Пианоз аралын алуы

ЛОНДОН, 18 июнь. (ТАСС). Рейтер агенттігінің хабары бойынша, француз әскерлері 17 июнь күні кешке Эльба аралының оңтүстік жағында 8 мильдей жердегі Пианоз аралын алды. Жаудан адамдар қолға түсірілді.

Италиядағы соғыс қыймылдары

ЛОНДОН, 18 июнь. (ТАСС). Одақтастар әскерлерінің Италиядағы бас штабы, дұшпанның қарсылық жасауының күшейе беруіне қарамастан одақтастар әскерлері Алпониның батыс жағында тағы да табысқа жеткенін хабар етті. 5-армияның бөлімдері Фолиньоның солтүстігіне қарай ілгерілеп, Перуджеге жақындап келеді.

Қолайсыз әуе райы мен жанбыр авиацияның қыймыл жасауын кемітті.

Англия бомбардировщиктерінің Германияға шабуылы

ЛОНДОН, 18 июнь. (ТАСС). Англияның авиация министрлігі, 18 июньге қараған түнде ағылшын бомбардировщиктері солтүстік Франциядағы соғыс құрылыстарына шабуыл жасағанын хабар етті. «Москито» бомбардировщиктерінің құрамасы Берлиндегі және батыс Германиядағы соғыс орындарына шабуыл жасады.

Жауапты редактор
Ө. ОСПАНОВ